

## Арқалық қаласы Жалғызтал ауылында шектеу іс-шараларын тоқтату туралы

Қостанай облысы Арқалық қаласы Жалғызтал ауылы әкімінің 2019 жылғы 22 ақпандағы № 1 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 26 ақпанда № 8272 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабына, "Ветеринария туралы" 2002 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-1-бабы 8) тармақшасына сәйкес және "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылық министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Арқалық қалалық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесі бас мемлекеттік ветеринарлық санитарлық инспекторының 2018 жылғы 16 қарашадағы № 01-20/1015 ұсынысы негізінде, Жалғызтал ауылының әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қостанай облысы Арқалық қаласы Жалғызтал ауылында және осы ауылдың аумағында орналасқан "Оразалы" шаруашылық қожалығында ірі қара малдың бруцеллез ауруының пайда болуына байланысты шектеу іс-шаралары тоқтатылсын.

2. Жалғызтал ауылы әкімінің "Арқалық қаласы Жалғызтал ауылында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" 2018 жылғы 20 тамыздағы № 1 (2018 жылғы 05 қыркүйегінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған, нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімде № 8012 болып тіркелген) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. "Арқалық қаласы Жалғызтал ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіpte:

1) осы шешімнің аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешім мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

3) осы шешімді ресми жарияланғаннан кейін Қостанай облысы Арқалық қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруын қамтамасыз етсін.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

## КЕЛІСІЛДІ

"Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Қоғамдық денсаулық сақтау комитетінің Қостанай облысы қоғамдық денсаулық сақтау департаментінің Арқалық қалалық қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесінің басшысы

\_\_\_\_\_ Б.А. Қорғанбекова

## КЕЛІСІЛДІ

"Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Арқалық қалалық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің басшысы

\_\_\_\_\_ Е.К. Канапин

## КЕЛІСІЛДІ

"Арқалық қаласы әкімдігінің ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысы

\_\_\_\_\_ К.Б. Бейсенов